

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбеккерлерінің әлеуметтік қамсыздандырылуы, зейнетақы құқықтарының сақталуы, медициналық көмек көрсетілуі және кәсіби қызметі мәселелері жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 49 өкімі.

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбеккерлерінің әлеуметтік қамсыздандырылуы, зейнетақы құқықтарының сақталуы, медициналық көмек көрсетілуі және кәсіби қызметі мәселелері жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Консультативтік комитеттің құрамына мына адамдар енгізілсін:

Қазақстан Республикасынан

Жүнісова Дана Бейсенқызы	—	Қазақстан Республикасы "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының орынбасары міндетін атқарушы
-----------------------------	---	--

Үмітбаев Берік Алтайұлы	—	Қазақстан Республикасы "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының Ресей Федерациясындағы Өкілдігінің директоры
----------------------------	---	---

Қырғыз Республикасынан

Куйкеев Эрик Асанович	—	Қырғыз Республикасы Еңбек және әлеуметтік даму министрінің орынбасары
--------------------------	---	---

Мурзалиев Амангельди Джолдошбекович	—	Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары
--	---	---

Шадыханов Калыс Токтосунович	—	Қырғыз Республикасы Білім және ғылым министрлігінің статс-хатшысы
---------------------------------	---	---

Ресей Федерациясынан

Нечеперенко Юрий Алексеевич	—	Федералдық міндетті медициналық сақтандыру қоры төрағасының орынбасары
--------------------------------	---	--

б) Консультативтік комитеттің мына мүшелерінің жаңа лауазымдары көрсетілсін:

Әбдікәрімова Жақсылыққызы	Салтанат	—	Қазақстан Республикасы "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі департамент директорының орынбасары
Асанбаев Алмазбек Жолчуевич		—	Қырғыз Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік көші-қон қызметі төрағасының орынбасары

в) Консультативтік комитеттің құрамынан Сукуров Н.Н. шығарылсын.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісіндегі ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы Т. Саркисян*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК